

2023-2024 оқу жылындағы аға тәлімгердің жылдық есебі

1 қыркүйек Білім күніне арналған салтанатты жиын өтті. Мектеп есігін биылғы оқуы жылында 8 бүлдіршінге айқара ашып, құшақ жая қарсы алды. Өзін өзі басқару ұйымы аға тәлімгердің жетекшілігімен безендіру және өткізу жұмыстары белсене қатысты.



Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойына орай және тілдер мерекесіне қарсы көрме ұйымдастырылып, қойылымдар көрсетілді.



Тілдер мерекесіне орай Өзін өзі басқару ұйымы мүшелерінің арасында Дебат ұйымдастырылды.



Мектеп парламентінің алғашқы отырысы өткізілді. Тәлімгер Серикова Н.К



1 қазақ Қарттар күніне орай Қаттарым-асыл қазынам тақырыбында іс –шара ұйымдастырылды.

Ұстаздар мерекесіне орай Дублер күні ұйымдастырылып, оқушылар мұғалімдерге сабақ беріп, күнді мерекелік концерпен құттықтаумен аяқтады.



«Таза болса табиғат, аман болар адамзат» деп ұрандатқан оқушылар тазалық күнін жасап, мектеп ауласын қоқыстан тазартты.



Мектеп парламенті мүшелері оқушылардың кітап жағдайларын саралап, ұқыпты ұстауға үндеу жасады.



25 қазан -Республика күніне орай салтанатты жиын өткізілді.



Бастауыш және жоғарғы сынып оқушыларының қатысуымен Алтын күз мерекесіне орай сайыс ұйымдастырылды. Мектептің Күз ханзадасы мен Ханшайымы анықталды.

Бастауыш сыныптар топпен жарысып, жүйріктері анықталды.



Аудан

аралық «Жыл оқушысы-2022» сайысы ұйымдастырылып, мектебіміздің оқушы Дулатова А бас жүлдені иленіп, облысқа жолдама алды.



16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай сурет көрмесі ұйымдастырылып, парламент мүшелері Дебат өткізді.



«Құстар біздің досымыз» тақырыбында аудандық КТК сайысына қатысып, парламент мүшелі бас жүлдені жеңіп алды.

«Қош келдің, Жаңа жыл!» мектепішілік шарасына парламент мүшелері түрлі персонаждар костюмдерін киіп, оқушылардың көңілді уақыт өткізуіне ат салысты.



Оқушылар қоңырау уақытында бос уақытын тиімді пайдалану мақсатымен өзін өзі басқару ұйымы «Көңілді қоңырау» өткізіп тұрады.



«22 наурыз - Ұлыстың ұлы күні- Наурыз» мектебімізде аталып өтті. Оқушылар ән салып, би билеп, түрлі салт дәстүрлерді көрсетіп, соңы жәрмеңкеге ұласты.



«Парктер шеруі 2023» құстар күніне орай мемлекеттік қорық қызметкерлері келіп сайыс өткізіп, үздіктерді марапаттады.



1 мамыр-Қазақстан халқының достығы күні меркесі мектебімізде аталып өтті.



7мамыр Ұландар күні және 9 мамыр Жеңіс күніне арналған салтанатты жиын ұйымдастырылып, көрініс көрсетіліп, оқушыларға мерекелік ленталар тағылып, әндер шырқалды.



Қазіргі таңда белең алып тұрған Буллинг мәселесіне қарсылық білдіріп, Менің мектебім буллингке қарсы челенджіне қатысты.



«Сыңғырла, соңғы қоңырау» салтанатты сап түзеу. Үздік бітірген оқушылар марапатталып, ата-аналар құттықтап, түлектер ән салып, би биледі.



1 маусым –Балаларды қорғау күніне орай «Күншауақ» жазғы демалыс алаңы өз жұмысын бастады.



Аға тәлімгер : Серикова Н.Қ.